

## Қазақстан Республикасы нотариустарының депозиттік операцияларға есеп жүргізу тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ

### *Күшін жойған*

Бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрі 1998 жылғы 9 қаңтар N 4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 25 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 476. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 (V043191) бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 291 және 301-баптарына және "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 85-бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік актілеріне сәйкес нотариустар депозит шарттарында ақшаларды, ал бағалы қағаздарды - сақтау шарттарында нотариустың атына қабылдайды.

Ақшалар мен бағалы қағаздарды депозит немесе сақтау шарттарында нотариус атына енгізу міндеттемені орындау болып есептеледі.

Ақшаларды немесе бағалы қағаздарды депозит немесе сақтау шарттарында нотариустың атына қабылдау Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Н ұ с қ а у м е н р е т т е л е д і .

2. Ақшаларды депозит шарттарында немесе бағалы қағаздарды сақтау шарттарында нотариус атына енгізген адамға, осы Нұсқауға қоса берілетін N 1 нысан бойынша түбіртек беріледі.

Түбіртек көшірме қағаз арқылы екі данада жасалады, біреуі ақша немесе бағалы қағаздар енгізген адамға беріледі, екіншісі нотариуста қалады.

Т ү б і р т е к т е :

- нотариустың тегі, аты, әкесінің аты және оның мекен-жайы;
- нотариус атына депозит шарттарында ақшалар немесе сақтауға бағалы қағаздар алынған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері;
- ақшалар мен бағалы қағаздар соларға берілу үшін енгізілген адамның тегі, аты, әкесінің аты және соңғы белгілі мекен-жайы және заңды тұлғаның орналасқан жері;
- ақшалар немесе бағалы қағаздар қандай міндеттеме бойынша немесе қандай төлемдер есебіне енгізілгені;
- депозитке немесе сақтауға келіп түскен ақшалар сомалары немесе бағалы қағаздар құны;
- өндіріп алынған мемлекеттік баждың немесе тараптардың келісімі бойынша

белгіленген төлемнің сомасы көрсетіледі.

Бағалы қағаздарды сақтау шарттарында нотариустың атына қабылдау кезінде түбіртек пен түбіртек қабының екінші жақтарында бағалы қағаздардың түрі, олардың атаулары, нөмірлері, сериялары, тұрақты құны және басқа да белгілейтін белгілері көрсетіледі.

Нотариустың атына депозит шарттарында немесе сақтауға ақшалар немесе бағалы қағаздар енгізген адам түбіртек қабына қол қояды.

3. Мұралық мүлікті қорғауға шаралар қабылдаған нотариус қайтыс болған кісінің қалған ақшалары мен бағалы қағаздарын депозит немесе сақтау шарттарында банкке өткізеді, N 2 нысан бойынша екі данада түбіртек жазады, оның біреуі банктің істерінде сақталады, екіншісі мұралық іске тігіледі, ал түбіртектің қабы нотариуста істерде сақталады.

Бұл жағдайларда түбіртекте:

- мұралық мүлікті қорғауға шаралар қолданған нотариустың тегі мен аты-жөні және оның мекен-жайы;

- мұра қалдырушының тегі, аты, әкесінің аты және тұратын жері;

- мұра қалдырушының қайтыс болуынан кейін қалған мұралық сома көрсетіледі.

Түбіртек қабының екінші жағында түбіртек тігілген мұралық істің нөмірі көрсетіледі.

4. Депозиттік операцияларға (депозит немесе сақтау шарттарында нотариус атына келіп түскен ақшаларды немесе бағалы қағаздарды қабылдау, сақтау, беру) есеп жүргізу осы Нұсқауға қоса берілетін N 3 нысан бойынша депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабында және N 4 нысан бойынша депоненттер дербес шоттарының кітабында жүзеге асырылады.

5. Ақшалардың келіп түсуі N 3 нысан бойынша депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабының кіріс бөлігінде ескеріледі, мұнда графада мыналар көрсетіледі:

N 1 - депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабының кіріс бөлігіндегі жазудың тәртіп нөмірі;

N 2 - ақшалардың келіп түсу күні;

N 3 - ақшалар содан қабылданған жеке тұлғаның тегі мен аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы;

N 4 - олардың қандай міндеттеме бойынша немесе қандай төлемдердің есебіне енгізілгені;

N 5 - берілген түбіртектердің нөмірлері;

N 6 - депозит шарттарында қолма-қол енгізілген ақша сомалары;

N 7 - депозит шарттарында банкке ақша аударумен енгізілген ақша сомалары;

- N 8 - ақша келіп түскен банктің атауы;
- N 9 - депоненттің дербес шотының нөмірі.

6. Ақшаларды беру осы Нұсқауға қоса берілетін N 3 нысан бойынша ақша операцияларына есеп жүргізу кітабының кіріс бөлігінде ескеріледі, мұнда графада мыналар көрсетіледі:

N 1 - депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабының кіріс бөлігіндегі жазудың тәртіп нөмірі;

N 2 - ақшаларды беру немесе аудару күні;

N 3 - ақша берілген жеке тұлғаның тегі мен аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы;

N 4 - чектердің немесе төлем тапсырмаларының нөмірлері;

N 5 - берілген қолма-қол ақшалардың сомалары;

N 6 - чек бойынша немесе банк арқылы ақша аударумен берілген сомалар;

N 7 - банктің атауы;

N 8 - депоненттің берілген сомалар жазылған дербес шоттарының нөмірлері.

Депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабында нотариустың банкте депозиттік шотқа қолма-қол ақша өткізгені туралы жазу жасалады.

Депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабында 6 шығын графасына осы Нұсқауға қоса берілетін N 5 нысан бойынша, депозиттік ақшаларды бюджет табысына өткізуге ведомостің негізінде бюджет табысына өткізілген сома жазылады.

7. Әр айдың аяғында депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабында 6 және 7 кіріс және 5 және 6 шығын графалары бойынша бір айдың қорытындылары, сондай-ақ келесі айдың бірінші сандарына қаражаттардың қалдықтары жазылады.

Депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабы бойынша депозиттік сомалардың қалдықтары (6 шығын графасының "ақша аударумен банктегі депозиттік шоттан" қорытындысы сомасын алып тастағанда 7 кіріс графасы "ақша аударумен банктегі депозиттік шотқа" қорытындысының сомасы) әр айдың бірінші санына банктегі депозиттік шоттан көшірмелердегі сомалармен салыстырылуға тиіс.

Қолма-қол ақшалардың қалдықтары депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабы бойынша шығынға (5 шығын графасын "қолма-қол ақшамен" алып тастағанда 6 кіріс "қолма-қол ақшамен" графасы) сәйкес келуге тиіс.

8. Бағалы қағаздардың келіп түсуі мен берілуі N 3 графада бағалы қағаздардың түрлерін көрсетумен осы Нұсқаудың 5 және 6 тармақтарында көзделген тәртіпте депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабында (N 3 нысан бойынша) ескеріледі.

9. Депозит немесе сақтау шарттарында нотариустың атына келіп түскен

ақшалар мен бағалы қағаздар осы Нұсқауға қоса берілетін N 4 нысан бойынша депоненттердің дербес шоттарында да ескеріледі.

Депоненттің дербес шоты ақша солардан келіп түскен жеке немесе заңды тұлғалардың реквизиттерін, қандай міндеттеме бойынша немесе қандай төлемдер шотына келіп түскенін, ақшалардың немесе бағалы қағаздардың депоненттің атына келіп түсуі туралы оған хабар жіберу күнін көрсете отырып, ақшалар соның пайдасына енгізілген жеке немесе заңды тұлғаның атына ашылады.

10. Депозит немесе сақтау шарттарында нотариустың атына келіп түскен ақшалар мен бағалы қағаздарды нотариус ақшалардың немесе бағалы қағаздардың келіп түсуі сәтінен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізеді.

Бағалы қағаздар банкке бағалы қағаздардың тұрақты құны көрсетілетін сүргіленген пакеттерде өткізеді.

Бағалы қағаздарды өткізуге арыз-тізімдемеде:

- бағалы қағаздарды өткізген нотариустың тегі мен аты-жөні;
- бағалы қағаздар өткізілетін банктің атауы;
- осы Нұсқауға қоса берілетін N 5 нысан бойынша олардың түрлері мен реквизиттері (нөмірлері, сериялары, тұрақты құны мен т.с.с.) көрсетіледі.

11. Депозиттен ақшалар мен бағалы қағаздарды беру депонент беретін арыз б о й ы н ш а ж а с а л а д ы .

Нотариус арызда депоненттің жеке басын куәландыратын құжаттың реквизиттерін көрсете отырып депоненттің жеке басын анықтау туралы белгі жасайды, сондай-ақ оның депозиттік ақшаларды алуға құқығын растайтын құжаттың (мұраға құқық туралы куәлік, сенімхат және басқалар) атауын к ө р с е т е д і .

Заңды тұлғаларға ақшалар олардың шоттарына төлем тапсырмаларымен а у д а р ы л а д ы .

Нотариустар бағалы қағаздарды банктен банк түбіртегін көрсету арқылы а л а д ы .

12. Депозит немесе сақтау шарттарында нотариустың атына ақшалар мен бағалы қағаздарды енгізген адамға оларды қайтарып беруге ақшалар немесе бағалы қағаздар соның пайдасына келіп түскен адамның келісімімен ғана, немесе соттың ұйғарымы бойынша рұқсат етіледі.

Жеке немесе заңды тұлғаның ақшаларды немесе бағалы қағаздарды қайтару туралы талабы және оларды қайтаруға келісімді олар жазбаша түрде көрсетуге т и і с .

13. Жеке немесе заңды тұлғаларға беруге жататын, депозиттен талап етілмеген ақшалар немесе бағалы қағаздар несие берушіге ақшаларды немесе бағалы қағаздарды депозитке енгізу туралы хабар беру күнінен бастап, ал шешілмеген сот істері бойынша депозитке енгізілген сомалар сот шешім

шығарған күннен бастап 5 жыл ішінде сақталады.

Бюджеттегі заңды тұлғаларға беруге жататын ақшалар немесе бағалы қағаздар ақшалар немесе бағалы қағаздар енгізілген жылдың 31 желтоқсанына дейін сақталады, ал шешілмеген сот істері бойынша сот шешімі шығарылған жылдың 31 желтоқсанына дейін сақталады.

Егер олардың атына ақшалар немесе бағалы қағаздар енгізілген адамдар шетелде болса және осы ақшалар мен бағалы қағаздарға билік ету үшін банктің рұқсатын алу қажет болса, онда осы мерзімдердің ағымы мұндай рұқсат алу күнінен басталады.

Депозит немесе сақтау шарттарында нотариустың атына енгізілген, бірақ белгіленген сақтау мерзімі өткеннен кейін талап етілмеген ақшалар немесе бағалы қағаздар нотариустың ұйғарымы бойынша республикалық бюджетке аударылады.

14. Депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітаптары мен түбіртек кітапшалары ондағы беттердің сандарын көрсетумен нөмірленуге, шнурлануға және мөрмен және тиісті қаржы органы лауазымды адамының қолымен бекітілуге тиіс.

15. Түбіртек кітапшалары қатаң есеп берушілік құжаттарына есеп жүргізу ережелері бойынша сақталуға тиіс.

Түбіртектерге есеп жүргізу, соңында осы Нұсқауға қоса берілетін N 7 нысан бойынша "Түбіртектерге есеп жүргізу жаршысына" орын берілген депозиттік операцияларға есеп жүргізу кітабында жүзеге асырылады. Бұл жаршыда әрбір түбіртек кітапшасы кітапша мен түбіртектер нөмірлерін алу күнін көрсетумен жеке жолмен жазылады (бірінші түбіртектің нөмірі және соңғы түбіртектің нөмірі).

"Кітапшаларды жұмсау" графасына белгілер әрбір кітапшаның толық пайдаланылу кезінде жасалады.

N 1 нысан

N \_\_\_ ТҮБІРТЕК

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_\_ ж.

Нотариус \_\_\_\_\_  
(нотариустың тегі, аты, әкесінің аты)

мекен-жайы \_\_\_\_\_  
(нотариустың)

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ беру үшін

\_\_\_\_\_ немесе заңды тұлғаның атауы)

мекен-жайы \_\_\_\_\_  
(депоненттің)

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_ қабылданды.

\_\_\_\_\_ немесе заңды тұлғаның атауы)

мекен-жайы \_\_\_\_\_

Жарна қандай міндеттеме бойынша немесе қандай төлемдердің шотына келіп түсті \_\_\_\_\_

Депозитке енгізілетін жарнаның сомасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын мемлекеттік баж алынды.

Барлығы \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын.

Жалпы сома \_\_\_\_\_  
(жазумен)

\_\_\_\_\_ алды.

\_\_\_\_\_ (нотариустың қолы)

N 2 нысан

**N \_\_\_ ТҮБІРТЕК ҚАБЫ**

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ қабылдады

\_\_\_\_\_ (нотариустың тегі, аты, әкесінің аты)

мекен-жайы \_\_\_\_\_

( н о т а р и у с т ы ң )

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_ беру үшін

\_\_\_\_\_ немесе заңды тұлғаның атауы

мекен-жайы \_\_\_\_\_

( д е п о н е н т т і ң )

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_ қабылданды.

\_\_\_\_\_ немесе заңды тұлғаның атауы)

мекен-жайы \_\_\_\_\_

(борышқордың)

Жарна қандай міндеттеме бойынша немесе қандай төлемдердің шотына келіп түсті \_\_\_\_\_

Депозитке енгізілетін жарнаның сомасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын мемлекеттік баж алынды  
Барлығы \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын.  
Жалпы сома \_\_\_\_\_

( ж а з у м е н )

алды.

(нотариустың қолы)

(клиенттің қолы)

N 4 нысан

**ДЕПОНЕНТТЕР ДЕРБЕС ШОТТАРЫНЫҢ  
КІТАБЫ**

Депоненттің N \_\_\_ дербес шоты

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

немесе заңды тұлға - депоненттің атауы)

Депоненттің мекен-жайы \_\_\_\_\_

(орналасқан жері)

Нп\депо.	Күні	Сомалар солардан	Сома	Соманың	Депозиттен	Бюджет	Депо.	
зиттік		келіп түскен жеке		келіп		беру		табы.
опера.		тұлғаның тегі мен		түсуі		---		-----сына
циялар.		аты-жөні немесе		туралы		Кү.		Нп\п
ға есеп		заңды тұлғаның		хабар		ні		N8 н.
жүргізу		атауы, олар қан.		жіберу		кітап.		зілді
кітабы		дай міндеттемелер		күні		тағы		ры
бойынша		бойынша немесе				шығын		
		қандай төлемдер.				бойын.		
		дің шотына енгі.				ша		
		зілген						

----- ----- ----- ----- ----- ----- ----- -----																	
1		2		3		4		5		6		7		8		9	
----- ----- ----- ----- ----- ----- ----- -----																	

N 5 нысан

**Бағалы қағаздарды өткізуге  
N \_\_\_\_ АРЫЗ - ТІЗІМДЕМЕ**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

199 \_\_ ж.

\_\_\_\_\_ - дан қабылданды  
(нотариустың тегі және аты-жөні)

Өткізді \_\_\_\_\_  
(банктің атауы)

Қағаздың бағасы \_\_\_\_\_  
(олардың түрі мен реквизиттері)

Жалпы сомасы \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
(тұрақты құны)

Қабылдады \_\_\_\_\_

— \_\_\_\_\_  
(банк жұмыскерінің қолы)

N 6 нысан

**Депозиттік сомаларды республикалық бюджет  
табысына өткізуге**

**ЖАРШЫ**

нотариус \_\_\_\_\_  
(нотариустың тегі және аты-жөні)

мекен-жайы \_\_\_\_\_  
(нотариустың)

-----

1	2	3	4	5	6	7
NN Ақшалар немесе бағалы Мекен-жайы Дербес  Сума						Ескерту
п қағаздар соның атына			шоттың -----			
өткізілген жеке тұл.			N	теңге	тиын	
ғаның тегі мен аты -						
жөні немесе заңды						
тұлғаның атауы						
----- ----- ----- ----- ----- -----						



-----

Жиыны:

Нотариус -----

/қолы/

Бухгалтер -----

/қолы/

№ 7 нысан

**Түбіртек кітапшаларына есеп жүргізудің  
№ \_\_\_ ЖАРШЫСЫ**

-----

Кітапшалардың келіп түсуі	Кітапшалардың жұмсалуды	Ескерту
Келіп түсу күні	Түбіртектер нөмірлері N__-ден N__-ге дейін (күні, айы, жылы)	Басталды Аяқталды (күні, айы, жылы)

-----

№ 8 нысан

**Нотариус депозитіне ақшаларды немесе  
бағалы қағаздарды енгізу туралы  
№ \_\_\_ ХАБАР ҚАҒАЗЫ**

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_  
(депоненттің тегі, аты, әкесінің аты және оның мекен-жайы)  
Осымен нотариус \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(төлемдердің не үшін немесе қандай құжаттар бойынша енгізілгені  
\_\_\_\_\_ төлеу есебіне Сізге беру үшін нотариус \_\_\_\_\_  
көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ депозитіне азамат \_\_\_\_\_  
(жеке тұлғаның  
\_\_\_\_\_ " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты)  
\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын енгізгені туралы хабарлайды.

Аталған ақшаларды алу үшін жеке басыңызды куәландыратын құжатыңызды алып нотариус \_\_\_\_\_

(нотариустың мекен-жайы)

келуіңіз керек.

Нотариус : \_\_\_\_\_

(қолы)

№ 9 нысан

**Заңды тұлғаның нотариус депозитіне ақшаларды немесе бағалы қағаздарды енгізу туралы**

**№ \_\_\_\_ ХАБАР ҚАҒАЗЫ**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 199 \_\_\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ (депоненттің тегі, аты, әкесінің аты, оның мекен-жайы)

Осымен нотариус \_\_\_\_\_ (нотариустың тегі, аты, әкесінің аты, оның мекен-жайы)

\_\_\_\_\_ (төлемдердің не үшін немесе қандай құжаттар бойынша енгізілгені

\_\_\_\_\_ төлеу есебіне Сізге беру үшін нотариус \_\_\_\_\_  
к ө р с е т і л е д і )

\_\_\_\_\_ депозитіне азамат \_\_\_\_\_  
(борышқордың

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_\_\_ тиын енгізгені туралы хабарлайды.

Аталған ақшаларды алу үшін жеке басыңызды куәландыратын құжатыңызды алып нотариус \_\_\_\_\_

(нотариустың мекен-жайы)

к е л у і ң і з \_\_\_\_\_ к е р е к .

Депозитке енгізілген сома сонда аударуға жататын Банктің атауын және есеп айырысу шотының нөмірін хабарлауыңызды сұраймыз.

Нотариус : \_\_\_\_\_

(қолы)